

"2017 - 2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 775 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 мамырдағы № 312 қаулысы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы қаулы 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2017 – 2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 775 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 27-қосымшада:

реттік нөмірлері 9-1 және 15-1-жолдар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 31-4-жолмен толықтырылсын:

"

31-4	Ұлттық бірыңғай тестілеуді ұйымдастыру мен өткізу және ЖОО-лар емтихандарының жаңа нысанына арналған тестілік тапсырмалардың базасын қалыптастыру бойынша көрсетілетін қызметтер	Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген білім беру ұйымдарының бітірушілері үшін Ұлттық бірыңғай тестілеуді ұйымдастыру және өткізу. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген білім беру ұйымдарының бітірушілері үшін ЖОО-ларға қабылдау емтихандарының жаңа нысанына арналған тестілік тапсырмалардың базасын қалыптастыру.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	"Ұлттық тестілеу орталығы" РМҚК	099 "Сапалы мектеп біліміне қолжазбалықтар тікелей қамтамасыз ету" 113 "Білім сапасына сырттай бағалау жүргізу"	1528298
------	--	--	---	---------------------------------	---	---------

".

реттік нөмірлері 33 және 34-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

					203 "Техникалық және кәсіптік білім бар кадрлар мен	
--	--	--	--	--	---	--

33	Білім беру бағдарлама ларын әзірлеу бойынша көрсетілетін қызметтер	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі мамандықтар бойынша халықаралық тәжірибе негізінде кейіннен оларды "Кәсіпқор" холдингі" КЕАҚ оқу орындарының, 10 базалық колледждің оқу процесіне енгізе отырып, білім беру бағдарламаларын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	" Кәсіпқор " холдингі" КЕАҚ	қамтама сыз ету" 110 "Халық аралық тәжірибе негізінде техника лық және кәсіптік білім беру жүйесін дамыту бойынша қызмет тер"	232 342
34	Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқыту жоспарын және бағдарлама л а р ы н өзектіленді ру бойынша көрсетілетін қызметтер	"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына және мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің жаңа мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сәйкес еңбек нарығында білікті кадрларға сұраныс пен ұсыныс арасындағы алшақтықты жою мақсатында, білім беру мазмұнын жұмыс берушілердің заманауи талаптарына сәйкес келтіру арқылы техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша қолданыстағы үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын өзектілендіру	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	" Кәсіпқор " холдингі " КЕАҚ	203 " Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрлар м е н қамтама сыз ету" 110 "Халық аралық тәжірибе негізінде техника лық және кәсіптік білім беру жүйесін дамыту бойынша қызмет тер"	300 209

".
;

реттік нөмірлері 38-1, 39-1 және 39-2- жолдар алып тасталсын.

2. Осы қаулы 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев